

Азия / Avrupa

Ақпараттық-сараптама журналы

Желтоқсан 2016 жыл №12

AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜNÜN AYLIK YAYINIDIR. ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАРАТЫН БАСЫЛЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН - ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ



KAZAKISTAN'IN BAĞIMSIZLIĞININ 25. YILINDA KAZAKISTAN - TÜRKİYE İLİŞKİLERİ

ÖZEL RÖPORTAJ АРНАЙЫ СҰХБАТ

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ
ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ НЕВЗАТ УЯНЫК
МЫРЗАМЕН "ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ" ТУРАЛЫ СҰХБАТ

TÜRKİYE CUMHURİYETİ ASTANA BÜYÜKELÇİSİ
NEVZAT UYANIK İLE "KAZAKISTAN-TÜRKİYE
İLİŞKİLERİ" HAKKINDA MÜLAKAT

04

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНДА
ТҮРКИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

KAZAKISTAN'IN BAĞIMSIZLIĞININ 25. YILINDA
TÜRKİYE VE KAZAKISTAN'IN EKONOMİK İLİŞKİLERİ

DOC. DR. NEVZAT SIMSEK
CENGİZHAN CANALTAY

14

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ:
САЯСИ ЖӘНЕ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ

KAZAKISTAN-TÜRKİYE İLİŞKİLERİ:
STRATEJİK VE SİYASİ BOYUTLAR

DR. AIDARBEK AMIRBEK

29



Asya Avrupa / Азия Еуропа
(Haber – Yorum) / (Ақпараттық – сараптама)

Avrasya Araştırma Enstitüsü Yayınıdır
Еуразия ғылыми-зерттеу институты басылымы

Sahibi / Меншік иесі
Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü /
Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры
Doç. Dr. Nevzat Şimşek

Genel Yayın Yönetmeni / Бас редактор
Dr. Aidaibek Amirbek

Sorumlu Yazı İşleri Müdürü / Жауапты редактор
Doç. Dr. Hayal Ayça Şimşek

Haber Müdürü / Жаңалықтарға жауапты редактор
Cengizhan Canaltay

Tercüme Ekibi / Аудармашылар тобы
Dr. Azhar Serikkaliyeva
Daniyar Nurbayev
Omurbek Hanayi
Aigerim Manatkızı
Zhuldyz Baizakova

Sekretarya / Хатшылық
Saltanat Suleymen

Teknik Redaksiyon / Техникалық редакторлар
Saule Akhmetkaliyeva

Yayın Kurulu / Редакция алқасы
Doç. Dr. Nevzat Şimşek
Doç. Dr. Hayal Ayça Şimşek
Dr. Aidaibek Amirbek
Dr. Erkin Baydarov
Lidiya Parkhomchik

Yönetim Merkezi / Басқару орталығы

Almalı Audanı, Mametova 48, 050004
Almaty, Kazakhstan
Tel. +7 (727) 279 97 94
Fax. +7 (727) 279 97 94
E-mail: info@eurasian-research.org

Haber-yorum ve analizlerde ifade edilen görüşler yazarların kendi görüşleri olup
Enstitü'nün yayın politikasını yansıtmamaktadır. Kaynak gösterilerek alıntı yapılabilir.

"Ақпараттық-сараптама" және "Өзекті пікір" айдарларымен шыққан мақала авторларының
пікірлері институт көзқарасын білдірмейді. Журналда жарияланған материалдарды
институттың рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

DOC. DR. NEVZAT SIMSEK

Merhabalar,

Asya Avrupa dergimizde Aralık 2016 sayısına ulaştık ve bir yılımızı tamamlamış olduk. Bir yıl içinde edindiğimiz tecrübeler ve aldığımız geri bildirimlerle 2017 yılında da sizlerle birlikte olmaya devam edeceğiz. Bu sayımızı Kazakistan'ın bağımsızlığının 25. yılı olması nedeniyle özel sayı olarak düzenlemeyi tercih ettik. Bu nedenle, birkaç sayı Türk dünyasının aksakalı sayın Nursultan Nazarbayev'in Ulu Bozkır Ögütlerini Egemen Kazakhstan gazetesinin izniyle Türkçe ve Kazakça olarak yayınlama kararı aldık.

Özel sayımızı konusunu Kazakistan'ın bağımsızlığının 25. yılında Türkiye ve Kazakistan ilişkileri olarak belirledik. Bu vesileyle Türkiye Cumhuriyeti Astana Büyükelçisi sayın Nevzat Uyanık bey ile bir röportaj gerçekleştirdik. Sayın Büyükelçimiz sarıh bir şekilde Türkiye ve Kazakistan ilişkilerinde geline nokta okuyucularımız için değerlendirme nezaketinde bulundu. Kendilerine teşekkürlerimizi iletiyoruz. Bu sayıdaki analiz yazılarımızda da Kazakistan Türkiye ilişkileri, ekonomik, siyasi ve kültürel boyutlarıyla ele alınmıştır. Bilindiği gibi bağımsızlığın hemen akabinde birkaç saat içinde Türkiye Kazakistan'ın bağımsızlığını tanımıştır. Bugün itibarıyla da Kazakistan'ın bağımsızlığının 25. yılını kutluyor olmaktan büyük memnuniyet duymaktayız. Türkiye, Kazakistan ile ilişkilerini, dün olduğu gibi gelecekte de ülkelerin bağımsızlıkları temelinde ve karşılıklı ekonomik fayda çerçevesinde geliştirmek istemektedir. Türk Dili Konuşan Ülkeler Konseyinin 4. Devlet Başkanları zirvesinde devlet başkanları tarafından ilgili kurumlara Türk dili konuşan ülkeler arasında entegrasyon üzerinde çalışma görevi verilmiştir. Bu nedenle Türk Cumhuriyetleri arasında siyasi, ekonomik ve kültürel ilişkileri arttırmak öncelikli konulardandır. Bu bağlamda ilişkilerin önündeki suni engellerin kaldırılması için politikalar geliştirilmelidir. Gelecek yıllarda hem ekonomik hem siyasi açıdan sürekli güçlenecek bir Kazakistan'a olan inancımızla, Avrasya Araştırma Enstitüsü olarak Kazakistan'ın bağımsızlığının 25. yılını tüm kalbimizle kutluyoruz.

Қадірлі де құрметті оқырман қауым!

«Азия Еуропа» журналының 2016 жылдың желтоқсан санына да келіп жеттік және бір жылымызды аяқтадық. Бір жыл ішінде мол тәжірибе жинақтап, кері байланыс алдық және, 2017 жылы да сіздермен бірге боламыз деген ниеттеміз. Бұл жолы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай журналымыздың арнайы санын жариялауды жөн санадық. Сондықтан, түркі әлемінің ақсақалы Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы дала ұлағаттарының» бірнеше бөлігін «Егемен Қазақстан» газетінің рұқсатымен қазақ және түрік тілдерінде жариялауға бел будық.

Арнайы санымыздың тақырыбын «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығында Түркия мен Қазақстан қарым-қатынастары» деп белгіледік. Осыған орай, Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Невзат Уянык мырзамен сұхбат жасадық. Құрметті Елшіміз Түркия мен Қазақстан қарым-қатынастарын оқырмандарымыз үшін айқын түрде бағалап шықты. Осы орайда өзіне алғысымызды білдіреміз. Бұл сандағы талдауларымызда Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары экономикалық, саяси және мәдени аспектілерде қарастырылды. Өздеріңізге мәлім болғандай, тәуелсіздік алғаннан кейін бірнеше сағат ішінде Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып таныған ел – Түркия Республикасы. Бүгінгі күні де Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтіп жатқанына қуаныштымыз. Алдағы уақытта Түркия Қазақстанмен қарым-қатынастарын екі елдің тәуелсіздіктері әрі өзара экономикалық мүдде негізінде дамытуға басымдық беруде. Түркі тілдес елдер кеңесінің Мемлекет басшылары деңгейіндегі IV саммитінде жауапты мекемелерге түркі тілдес елдер арасында интеграция жөніндегі жұмысты жалғастыру міндеті жүктелді. Сондықтан, Түркі тілдес елдері арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды жақсарту негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда қарым-қатынастардың алдында тұрған жасанды кедергілерді жою үшін арнайы саясаттарды дамыту қажет. Алдағы жылдары Қазақстанның экономикалық әрі саяси тұрғыдан одан әрі тұрақты дамуына деген сеніміміз мол, осы орайда Еуразия ғылыми-зерттеу институты ретінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз.

ÖZEL YAZI

ҰЛАҒАТТЫ ШЫҒАРМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

KAZAKISTAN CUMHURİYETİ KURUCU
CUMHURBAŞKANI SAYIN NURSULTAN NAZARBAYEV

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫ

ТУҒАН ЕЛІМ – ТІРЕГІМ

ULU BOZKIR ÖĞÜTLERİ

VATANIM – DİREĞİMDİR04

ÖNSÖZ

АЛҒЫСӨЗ

AVRASYA ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ MÜDÜRÜ

ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

DOC. DR. NEVZAT SIMSEK.....01

RÖPORTAJ

СҰХБАТ

NEVZAT UYANIK, TÜRKİYE CUMHURİYETİ ASTANA BÜYÜKELÇİSİ

НЕВЗАТ УЯНЫК, ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ.....32

GÜNCEL

ӨЗЕКТІ ПІКІР

KAZAKISTANIN BAĞIMSIZLIĞININ 25. YILINDA TÜRKİYE VE KAZAKISTAN'IN
EKONOMİK İLİŞKİLERİ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНДА ТҮРКИЯ
МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

DOC. DR. NEVZAT SIMSEK

CENGIZHAN CANALTAY44

KAZAKISTAN-TÜRKİYE İLİŞKİLERİ: STRATEJİK VE SİYASİ BOYUTLAR

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ:

СЯСИ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ

DR. AIDARBЕК AMIRBEK.....52

КАЗАХСТАНСКО-ТУРЕЦКОЕ КУЛЬТУРНО-ГУМАНИТАРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

KAZAKH-TURKISH CULTURAL AND HUMANITARIAN COOPERATION

DR. ERKIN BAYDAROV69

HABER-YORUM


АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМА

DEVELOPMENTS IN THE PUBLIC BUDGET IN 2015-2016 IN THE TURKISH ECONOMY.....	86
УЗБЕКИСТАН ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВО В ОИС-2017	87
RESIGNATION OF THE GOVERNMENT IN KYRGYZSTAN	90
EL NIÑO CAUSES RECORD HIGH CONCENTRATION OF CARBON DIOXIDE IN THE ATMOSPHERE.....	91
THE EEU AND SINGAPORE CONSIDER FREE TRADE AGREEMENT.....	93
CHINESE-TAJIK ANTI-TERROR EXERCISES: A WARNING OR A THREAT?	94
THE VOLUME OF INDUSTRIAL PRODUCTION IN KAZAKHSTAN GREW BY 27.9% IN THE FIRST THREE QUARTERS.....	96
КЫРГЫЗСТАН НА ОЧЕРЕДНОМ ПЕРЕПУТЬЕ ИСТОРИИ.....	98
EVALUATING INFLATION AND MONETARY POLICIES IN THE TURKISH ECONOMY IN 2015-2016	100
RUSSIAN-TURKMEN HIGH-LEVEL NEGOTIATIONS: AN ECONOMIC REVIEW.....	102
TÜRKMENİSTAN CUMHURBAŞKANI GURBANGULI BERDIMUHAMEDOV'UN RUSYA ZİYARETİ	104
CHINESE PREMIER'S OFFICIAL VISIT TO THE CENTRAL ASIAN COUNTRIES AND THE 15TH PRIME MINISTERS' MEETING OF THE SHANGHAI COOPERATION ORGANIZATION	106
OGCI ANNOUNCES \$1 BILLION INVESTMENT INTO THE LOW EMISSION TECHNOLOGIES.....	108
İRAN'IN CHABAHAH LİMANI BİR AY İÇİNDE ÇALIŞMAYA BAŞLAYACAK	110
CHINA SUCCESSFULLY LAUNCHED ITS HUMAN SPACEFLIGHT LONGEST MISSION IN THE COUNTRY'S MANNED SPACE PROGRAM.....	112
GLOBAL WARMING AND THE ARCTIC REGION	114
THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN TO GROW BY 1.9% IN 2017.....	116
İRAN CONCERNED OVER TRUMP'S VICTORY.....	118
ВИЗИТ ПРЕЗИДЕНТА ТУРЦИИ РЕДЖЕПА ТАЙИПА ЭРДОГАНА В РЕСПУБЛИКУ УЗБЕКИСТАН ОТКРЫВАЕТ НОВУЮ СТРАНИЦУ В ТУРЕЦКО-УЗБЕКСКИХ ОТНОШЕНИЯХ.....	120
DEVELOPMENTS IN LABOR POLICIES IN THE TURKISH ECONOMY BETWEEN 2015-2016	123
APEC ZİRVESİ VE YENİ TİCARET ORTAKLIKLARI İHTİMALLERİ	125
KAZAKHSTAN - SERBIA: NEW HORIZONS OF ECONOMIC COOPERATION	127
NATO CLOSES ITS REGIONAL OFFICE IN UZBEKISTAN	129
ENVIRONMENTAL COOPERATION OF THE CAUCASIAN NATURE CENTER AND THE RUSSIAN ACADEMY OF SCIENCES	130

ETKİNLİKLER

ІС-ШАРАЛАР

.....	132
-------	-----



NURSULTAN NAZARBAYEV
KAZAKISTAN
CUMHURİYETİ
CUMHURBAŞKANI

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫ*

ТУҒАН ЕЛІМ – ТІРЕГІМ

Өз еліңе пайдалы болу, өз Отаныңның тағдыры үшін жауапты болу – әрбір отандық саясаткердің, әрбір қазақстандықтың борышы мен ар-ожданы.

Міне, Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толған торқалы кезеңге келдік. Бұл аз уақыт па, әлде көп пе? Неден бастадық, қай жерге жеттік? Осының бәрін тыңғылықты таразылап, бағасын берер шақ келді. Болғанға байыпты баға беру – байырғы әдетіміз.

Өткен күндердің жылнамасы да адамдардың өмірбаяны секілді. Шаттанған шағың,

ULU BOZKIR ÖĞÜTLERİ*

VATANIM – DİREĞİMDİR

Кendi ülkesine faydalı ve vatanının kaderinden sorumlu olmak, ülkemizin her bir siyasetçisinin, her Kazakistan vatandaşının görevi ve onurudur.

Evet, Bağımsızlığımızı çeyrek asırlık 25. yıl dönümünü yaşamaktayız. Bu az bir süre mi, yahut çok mu? Nereden başladık, nereye ulaştık? Bunların hepsini ayrıntılı tartıp değerlendirecek zaman geldi. Geçmiş teferruatlı değerlendirmek eskiden devam edegelen alışkanlıktır.

* Егемен Қазақстан газетінің 21 қыркүйек 2016 жылғы №180 (28908) санында жарияланды.

* Ege men Qazaqstan Gazetesinin 21 Eylül 2016 tarihli №180 (28908) sayısında yayınlanmıştır.

ренжіген сәттерің, үкілеген үміттерің мен асқақ армандарың, міне, осының бәрі – ғұмырнама тарихы. Еліңнің тарихы. Мемлекетіңнің тарихы. Сол тарихқа тікелей өзің араласқаның, сан қилы сын сағаттарда шешім қабылдағаның, талай іс-шараларға қуә болып, халқың үшін қуанғаның, елің үшін еткен еңбегіңнің нәтижесін көргенің – бәрі-баршасы жадында жатталып, санаңда сақталып, жүректің жазбасына түседі.

Ойланасың, толғанасың. Талай-талай оқиғалар есіңе түсіп, ойыңа оралады. Ғасырлар бойы азаттығы үшін алысып, сан шайқасты бастан кешкен әзиз бабалардың арман-үміті көкейіңе кептелгенде ел мен уақыт алдындағы, заман зердесіндегі жауапкершілікті одан әрі терең сезіне түсесің. Сондай кезде беліңді бекем буып, халқыңның алдында тұрған арман-тілекті жүзеге асыру жолында жаңа жолдар мен соны сүрлеулер табудың қарекетімен түн ұйқыңды төрт бөліп, алыс-жақынды ойша бағамдап, көпшіліктің көңілін толғандырған алуан сауалға орнықты жауап іздейсің.

Осынау ширек ғасыр ғана тәуелсіздік жылдарында небір оқиғаларды бастан кештік. Қилы кезеңдер мен бейтаныс бөгеттерді басып өтіп, өз жолымызды табуға ұмтылдық. Бұл тұрғыдан келгенде, халқымыздың бірлігі мен ынтымағы алдағы күнге алып баратын туымыз, ұранымыз әрі құралымыз болды. Біз жалпыұлттық мақсатқа жұдырықтай жұмылып, бірігіп, бірлесіп ұмтылдық. Жаңа дәуірдің болмыс-бітімін ұлттық салт-дәстүрлеріміздің аясында заманауи сын-тегеуріндерге бейімдедік, мемлекет болып қалыптасудың өзіндік өрнегін тауып, мектебін қалыптастырдық. Қазақта «Мен бітірдім дегенше, ел бітірді десейші» деген даналық сөз бар. Осы сөздің мән-мағынасын жаңа тұрпатты мемлекет орнықтыру ісінде жалпыұлттық тұтастық, халықтық қолдау, қоғамдық тұрақтылық нәтижесінде жүзеге асырдық.



**ӨЗ ЕЛІҢЕ ПАЙДАЛЫ
БОЛУ, ӨЗ ОТАНЫҢ-
НЫҢ ТАҒДЫРЫ ҮШІН
ЖАУАПТЫ БОЛУ
– ӘРБІР ОТАНДЫҚ
САЯСАТКЕРДІҢ, ӘРБІР
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ
БОРЫШЫ МЕН
АР-ОЖДАНЫ.**

**KENDİ ÜLKESİNE
FAYDALI VE VATANININ
KADERİNDEN
SORUMLU OLMAK,
ÜLKEMİZİN HER BİR
SİYASETÇİSİNİN,
HER KAZAKİSTAN
VATANDAŞININ GÖREVİ
VE ONURUDUR.**



Geçmiş günlerin yıllığı insanların hayat hikâyesine benzer. Sevindiğin günler, üzüldüğün zamanlar, inandığın umutlar ve yüksek hayallerin, evet, bunların hepsi kendi geçmişindir. Senin ülkenin geçmişidir. Senin devletinin tarihsel geçmişidir. Bu geçmiş vakaları bizzat kendin yaşamam ve çeşitli karışık durumlarda tercih yaparak kararlar alman, çokça hadiselere şahit olup, milletin için sevinmen, ülken için sarf ettiğin çabanın meyvelerini görmen, bunların tamamı hafızana kazanarak aklında kalır ve yürek yazısına dönüşür.

Düşünürsün, fikir üretirsin. Yaşadığın birçok hikâyeleri hatırlayıp, gözden geçirirsin. Asırlarca hürriyeti için mücadele ederek, sayısız harp atlatan aziz ecdadımızı hayal-umutları aklını meşgul ettiğinde, ülke ile zaman ve geçmişe olan sorumluluk bilincini daha derinden hissetmeye başlarsın. Böyle zamanlarda kolları sıvayarak, halkın arz-isteklerini hayata geçirme için yeni istikametler ve yaklaşımları bulma çabasıyla geceyi gündüze katarak, uzak-yakın mesafeleri düşünce ile gezersin, toplumu rahatsız eden çok çeşitli sorunlara kesin çözüm ararsın.

Bu çeyrek asırlık bağımsızlık yıllarında epey hadise yaşandı. Zor zamanları ve türlü badireleri atlatarak, kendi yolumuzu bulmaya çalıştık. Bu yönden ele alındığında, halkımızın birliği ve beraberliği bizi geleceğe götürecek bayrağımız, sloganımız ve kuralımız olmuştur. Biz milli hedef için tek vücut olarak toplandık, birleştik, beraber yürüdük. Çağdaş zamanın biçim-şekillerini milli gelenek-görenek çerçevesinde modern yaşam koşullarına uyarladık, devlet olmanın kendine has örneğini bularak, okulunu oluşturduk. Kazakların bir atasözünde şöyle der: “Ben yaptım demektense, halk yaptı demelisin.” Bu atasözün içeriğini yeni tipteki devletin temellerini atarken milli bütünlüğü sağlayarak, halkın



“

ӨМІРГЕ ЖАҢА ҰРПАҚ КЕЛДІ.
ОЛАР – ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАҒИ-
ДАТТАРЫН ТАЛ БОЙЛАРЫНА
СІҢІРІП ӨСКЕН ӨРКЕН, ЖАС
ТОЛҚЫН. ЕНДІГІ БОЛАШАҚ
СОЛАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. БІЗ
ОЛАРҒА ОСЫ БІР ТӘУЕЛСІЗ
МЕМЛЕКЕТТІҢ КЕЛЕШЕК ТАҒ-
ДЫРЫН СЕҢІП ТАПСЫРАМЫЗ.

HAYATA YENİ NESİL GELDİ.
ONLAR BAĞIMSIZLIK İLKELERİNİ
FİTRATINDA BARINDIRARAK
BÜYÜYEN FİDANLARDIR
VE GENÇ DALGADIRLAR.
ÖNÜMÜZDEKİ GELECEK GÜNLER
ONLARIN ELLERİNDEDİR. BİZ
ONLARA BU BAĞIMSIZ DEVLETİN
GELECEK KADERİNİ BÜYÜK
İNANÇLA TESLİM EDİYORUZ.

”



Қашанда халық бірлігі сарай салғызып, қамал тұрғызады. Бұл сөзді де талмастан айтып, ту етіп көтеріп келеміз. Бағзы бабалардың ұлы аманын орындау жолында иыққа түскен жүкті ешқашан ауырсынған емеспіз. Ел болудың, мемлекет болудың жөн-жобасын көрсетіп берген, көмекке келген ешкім болған жоқ. Біз бәрін де тыңнан бастап, халқымызбен бірге қалыптастырдық. Жоқтан бар жасадық, барды берекеге айналдырдық, сол ырысты өсу мен өркендеудің негізі етіп алдық.

Мемлекет те жеке адам секілді өткенін саралап, алдағы күндерін жоспарлап, уақыт алдындағы міндеттерін зерделеп, болашаққа алдын ала қам жасап отырады. Бұл – уақыт талабы. Жиырма бес жылдық мүшелді мерзім мемлекетіміз үшін қалыптасу тұғыры болып қана қойған жоқ, біз өзгелерге де үлгі болатындай биіктерден көріне алдық. Өркениет көшіндегі өз орнымызды таптық. Соның нәтижесінде жиырма бес жыл жаңылмай, сүрінбей келеміз.

Өмірге жаңа ұрпақ келді. Олар – тәуелсіздік қағидаттарын тал бойларына сіңіріп өскен өркен, жас толқын. Ендігі болашақ солардың қолында. Біз оларға осы бір тәуелсіз мемлекеттің келешек тағдырын сеніп тапсырамыз. «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» деп аталған Жолдау мемлекеттік идеяның түпқазығы – біздің жалпыұлттық аңсарлы арманнан бастау алатынын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталды. «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт Жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды» деген сөз жалаң ұран емес. Оны жүзеге асыру жолындағы жұмыстар қазірдің өзінде қарқын алып, баянды бастама халықтық қағидаға айналуға. Қолдау тауып, жүзеге асырылуға.

Біз жалпыұлттық арманның орындалуы үшін бар күш-жігерімізді,



**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
ЖИЫРМА БЕСІН-
ШІ ЖЫЛЫНА ҚА-
ЗАҚСТАНДЫҚ ЖАҢА
АРМАНМЕН АЯҚ
БАСТЫҚ. ОНЫҢ
БАСТЫ МАҚСАТЫ –
«ҚАЗАҚСТАН-2050»
МЕМЛЕКЕТТІК СТРА-
ТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДАН ТОЛЫҚ
КӨРІНЕТІН БОЛАДЫ.**

**БАĞИМСЫЗЛЫĞИМЫЗІН 25.
ҮІЛІНА KAZAKISTAN'IN
YENİ HAYALІ İLE GİRİŞ
YAPTİK. BUNUN EN
ÖNEMLİ AMACI VE
HEDEFLERİ "KAZAKISTAN
2050" MİLLİ
STRATEJISİNİ HAYATA
GEÇİRME SÜRECİNDE
TAM MANASTYLA
ANLAŞILACAKTIR.**




desteği ile toplumsal istikrar sayesinde hayata geçirdik.

Halkın birliği her zaman yeni saraylar yaptırır ve kaleler diker. Bu sözü de yorumlayarak, sancak gibi taşıyoruz. Atalarımızın ulu emanetini yerine getirme gayesi ile omuzumuza yüklenen yükleri ağır görmedik. Halk olmanın, devlet olmanın yol-yordamını, usul-yöntemini gösteren, yardıma gelen kimse olmadı. Biz her şeyi temelden başlayarak, halkımız ile yapılandırdık. Yoktan var ettik, var olanı bolluğa çevirdik, o refahı gelişme ve büyümeyenin köşe taşları olarak kullandık.

Devlette insan gibi geçmişin gözden geçirip, geleceği planlar, zamana göre görevlerini inceleyerek, öndeki günleri için önceden hazırlık yapar. Bu yaşadığımız çağın talebidir. Yirmi beş yıllık süre sadece devletimizin oluşum sürecinden oluşmadı, biz diğer ülkelere örnek olacak biçimde yükseklere çıkabildik. Uygarlıklar akışında kendi yerimizi bulduk. Bunların sonucu olarakta yirmi beş sene zarfında yanılmadan, takılmadan devam etmekteyiz.

Hayata yeni nesil geldi. Onlar bağımsızlık ilkelerini fitratında barındırarak büyüyen fidanlardır ve genç dalgadırlar. Önümüzdeki gelecek günler onların ellerindedir. Biz onlara bu bağımsız devletin gelecek kaderini büyük inançla teslim ediyoruz. "Kazakistan Hayaline Götüren Ulus Planı" adlı Halka Sesleniş, milli düşüncemizin temeli bizim ulusal hayalimizden kaynaklandığını çok taraflı göstermeye yönelik ele alınan metindi. "Ulus Planı olan Beş Kurumsal Reformu gerçekleştirme konusundaki net 100 adımı hayata geçirme süreci başladı" şeklindeki sözler mesnetsiz değildirler. Bu planı hayata geçirme eksenindeki çalışmalar şimdiden hız kazanarak, söz konusu girişim ulusal ilkeye dönüşmektedir. Gereken destek sağlanıp, uygulanması devam etmektedir.



білім-білігімізді, алған тәжірибеміз бен түйген үлгі-өнегемізді толық әрі сарқа жұмсайтын боламыз. Бұл асыл мұрат – күллі қазақстандықтарды жарқын болашаққа бастаудың кепілі. Уақыт бізді таңдады! Біз сол уақытқа енді өзіміздің мемлекеттік мөріміз – тәуелсіз Қазақстанның атын жаздық. Өйткені, біз жаңаша армандауды үйрендік. Жаңаша жол табуды үйрендік. Ел мен қоғамды дамытудың нақты міндеттерін алға қоюды үйрендік. Біз үйрене отырып, үлгілі жолға түстік. Бұл жол – енді біздің жол, Қазақстан жолы.

Сөйтіп, Тәуелсіздіктің жиырма бесінші жылына қазақстандық жаңа арманмен аяқ бастық. Оның бас-ты мақсаты – «Қазақстан-2050» Мемлекеттік стратегиясын жүзеге асырудан толық көрінетін болады. Осы ғасырдың ортасына қарай біз Қазақстанның әлемдегі аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруін межелеп отырмыз. Бұл – Ұлт жоспары, қазақстандық арман. Аңсарлы арманды абыроймен орындау жолында жалпақ жұртымыздың бірлік пен ынтымақ танытып, жұмыла еңбек етуі – барлық жеңістеріміздің алтын тұғыры болып, абыройлы биігіне айналмақ.

Biz ulusal hayalimizin gerçek olması için tüm gücümüz ile irademizi, bilgi ve becerimizi, kazandığımız tecrübemiz ile edindiğimiz örnekleri ortaya koyarak yoğun bir şekilde çalışacağız. Bu ehemmiyetli hedef bütün Kazakstanlıları parlak geleceğe götürmenin garantisidir. Zaman bizi seçti! Biz bu zaman diliminde kendi ulusal ve milli mührümüz olan bağımsız Kazakistan'ın adını yazdırdık. Çünkü biz yeni hayaller kurmayı öğrendik. Yeni istikametleri belirlemeyi öğrendik. Ülke ile toplumu geliştirmek için net ve kesin görevleri belirlemeyi öğrendik. Biz öğrenirken, örnek teşkil eden yola koyulduk. Bu yol bundan böyle bizim yolumuzdur ve Kazakistan yoludur.

Böylece, Bağımsızlığımızın 25. yılına Kazakistan'ın yeni hayali ile giriş yaptık. Bunun en önemli amacı ve hedefleri "Kazakistan 2050" Milli stratejisini hayata geçirme sürecinde tam manasıyla anlaşılacaktır. Yaşadığımız asrın ortasına doğru biz Kazakistan'ı dünyadaki gelişmiş 30 ülke arasında görmeyi hedeflemekteyiz. Bu Ulus Planıdır ve Kazakistan'ın hayalidir. Gerçek olmasını çok istediğimiz hayalimizin gerçekleşmesinde aziz milletimizin birlikte

Бұған дейін жүріп өткен жол тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қиыншылықтарды жалпы ел болып еңсеру, одан кейінгі жылдардағы даму мен өркендеу жолы болды. Мемлекет өміріндегі мәртебелі де мерейлі кезеңдер болашаққа деген сенімімізді әбден нығайтты. Дамудың тұрақтылығын жүзеге асыру арқылы біз Қазақстанды әлемге таныттық. Әлемнің геосаяси картасында жаңа тұрпатты мемлекет пайда болды. Мұның бәрі тәуелсіздіктің алғашқы сағатынан басталды.

...1991 жылдың желтоқсан айының әр күні, әр таңы менің жадымда жаңғырып, сол кезде кеудені кернеген шаттық пен салтанат жанымды әлі күнге тербеп келеді. Сол күні, бір жағынан – жаңа туған сәбидей, бір жағынан – ғасыр жасаған қариядай күйде болғаным есімде. Шынайы бақыт сезімін бастан кешіп, шалқар шаттыққа бөлендім. Жеке басыңның қуанышы мен бақыты бір бөлек те, туған халқыңның қуанышы мен бақыты мүлде басқа екенін сол жолы ерекше түсіндім. Тебірендім, толқыдым. Бабалар аманатын орындау бақыты, елді ертеңгі күніне бастау парызы менің маңдайыма жазылғанын Жаратушының ерекше сыйы, айрықша мүмкіндігі деп түсінемін. Бәлкім, тарихтың таңдауы, халықтың қолдауы деген жөн болар?!

hareket edip, beraber yürümesi ve topyekûn çaba göstermesi, bu yolda edineceğimiz tüm kazanımların en büyüğü ve en değerlisi olacaktır.

Bağımsızlığını ilk gününden bu yana geçtiğimiz yol ilk zamanlardaki zorlukları ve engelleri bir bütün ülke olarak aşmamızdan ötürü son-raki yıllarda gelişme ve kalkınma yolu oldu. Devletimizin hayatındaki itibarlı ve bayramlı yıldönümleri bizim geleceğe olan inancımızı pekiştirdi. İstikrarlı kalkınma sergileyerek Ka-zakistan'ı dünyaya tanıttık. Dünya jeopolitik haritasına yeni formatlı devlet eklenmiş oldu. Bunların hepsi bağımsızlığımızın ilk saatlerin-den başlamıştı.

1991 yılının Aralık ayının her günü, her sabahı benim hafızamda yankılanarak, o zamanlarda göğsümü dolduran sevinç ve mutluluk hâlen canımı heyecanla beslemektedir. O gün ken-dimi, bir yandan yeni doğmuş sabi gibi, diğer yandan da asrını deviren ihtiyar gibi hissetti-ğimi hatırlıyorum. Hakiki mutluluk duygusunu yaşayarak, nice neşelere kapılmıştım. Kişisel sevincim ile mutluluğum bir yana, öz halkı-mın sevinci ile mutluluğunun apayrı bir şey olduğunu o zaman kesin olarak kavramıştım. Heyecan ve coşku doluydum. Ecdadımızın emanetini yerine getirme mutluluğunu, ülkeyi



...Алатаудың бауырында қоныс тепкен шағын ғана Шамалған ауылындағы мектепке алғаш барған жылдарым, аяулы ұстаздарымнан алған бағаларым жанымды қандай шуаққа бөлегенін әлі күнге ұмытпаймын. Бастауыш сыныптың баласы болсам да, ойыннан гөрі ой қуып, тезірек ержетсем, күндіз-түні белін бір жазбай тірлік кешетін анамды, таңмен таласа тұрып, қас қарая отбасына әрең оралатын әкемді қуантатын қолғанат болсам, олардың еңбегін жеңілдетіп, маңдай терін сүртер көмекшісі болсам деген арман күн сайын есейтіп келе жатты. Әр бала арманына асықпай ма? Мен де соның бірі шығармын деп ойлаймын. Әрбір қазақ баласы осы арманшыл арда сезім мен бұла кезеңнен өткеніне күмән жоқ. Иә, солай.

Халқымыздың қадірлі қасиеттері ұшан-теңіз. Олар ата-баба дәстүрлерінен бастау алады. Қазақ – ойшыл халық, ақын халық. Сәби жүрегінде желкілдеген арман мен үміт, қиял мен ой көкірегінде сәулесі бар қазақ баласын өлең өлкесіне алып келеді. Халқымыздың ақынжандылығы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәңгілік мектеп. Телегей теңіз ауыз әдебиетінің қайнарынан сусындаған ұлтымыздың ұлы тарихындағы ұлағатты белестер бұған нақты дәлел. Біз тарихын тілмен де, ділмен де жазған халықпыз.

Тарихи жағдайы мен табиғи болмысы өлеңмен өрілген жұртымыздың жүрек лүпілі жырмен жымдасып, әнмен әуелейтіні де сондықтан. Мысалы, біздің өңірдің ақындардың елі деп аталғаны тектен-тек болмас. «Екейде елу бақсы, сексен ақын, гулейді жын қаққандай кешке жақын» деген өлеңді білмейтін ісі қазақ жоқ болар. Балаң шағымда өлеңнің ауылына жақын болдым. Жыр алыбы Жамбыл бабамның – Тәтемнің өзі дүниеден өтсе де, сөзі салтанат құрып, даңқы дүрілдеп тұрған сол бір кезеңде біздің ауылда ақын болмау кінәдай көрінетін. Тіпті ақын болмауға қақың



**ОСЫ ҒАСЫРДЫҢ
ОРТАСЫНА ҚАРАЙ
БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ӘЛЕМДЕГІ АСА ДА-
МЫҒАН 30 МЕМЛЕКЕТ-
ТІҢ ҚАТАРЫНА КІРУІН
МЕЖЕЛЕП ОТЫРМЫЗ.
БҰЛ – ҰЛТ ЖОСПА-
РЫ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
АРМАН.**

**YAŞADIĞIMIZ ASRIN
ORTASINA DOĞRU
BİZ KAZAKİSTAN'I
DÜNYADAKİ
GELİŞMİŞ 30 ÜLKE
ARASINDA GÖRMEYİ
HEDEFLEMekteyiz.
BU ULUS PLANIDIR
VE KAZAKİSTAN'IN
HAYALİDİR.**



yarına götürme görevinin benim alın yazım olarak yazılmasını Yaradan'ın özel hediyesi, şahsıma tanıdığı fırsat olarak yorumluyorum. Belki de, tarihin tercihi ve halkın desteği demek daha doğru olur.

Alatau dağlarının kucağı ile çevirili olan küçük Şamalğan köyündeki ilkokula başladığım yılların, sevgili öğretmenlerimin verdiği notların canıma sağladığı muhteşem aydınlık ve bah-tiyarlığı dün gibi hatırlıyorum. İlkokul öğrencisi olmama rağmen, oyunlara düşünce ile tasayı tercih ederek, bir an önce büyüsem de, gecesini gündüzüne katarak çalışan annem ile sabahın seherinde işe koyulup, gecenin karanlığında aileye ancak yetişen babamı sevindirecek ve onların yüklerini hafifletecek destek, alın terini silecek yardımcı olsam hayali gün geçtikçe olgunlaşıyordu. Her çocuk hayali olana acele etmez mi? Ben de onlardan biri olduğumu düşünüyorum. Her bir Kazak evladı bu hayallere dolu toy duyguları ve dertsiz vakitleri yaşadığına şüphem yoktur. Evet, öyledir.

Bizim halkımızın bir hayli saygıdeğer ve gurur verici özellikleri var. Onlar atalarımızın geleneklerinden beslenir. Kazaklar düşünür ve şair halktır. Sabi kalbinde dolup taşan umut ve hayal, düşünce ile fikir zihni aydın ve uyanık olan Kazak evladını şiir bozkırına getirir. Halkımızın şiir severliği nesilden nesle aktarılan silinmez ve kapanmaz mekteptir. Sözlü edebiyatımızın muazzam kaynağından beslenen milletimizin ulu tarihindeki büyük kilometre taşları bunun kesin delilidir. Biz geçmişimizi hem dilimizle hem kalbimizle yazmış milletiz.

Tarihi durumu ile tabii varlığı şiirle bağlanan halkımızın kalp atışı nazımla huzur bularak, şarkı ile hızlanması bundandır. Örneğin, bizim bölgemiz şairler mekânı ismini boşuna almamıştır. “Ekey soyunda elli şaman, sekсен şair, cin чарpmış gibi gezinirler ақшамүstü” satırların bilmeyen Kazak yok sayılır. Genç yaşlarımdan şiire yakın oldum.

жоқ секілді болатын. «Айтысатын ақсақалмен, қызбенен, ақын халық екенбіз ғой біз деген» деп Қадыр ақын қапысыз айтқан ғой.

Мектепте жүрген кездегі өлеңге деген әуесқойлық өмірде менің ішкі жан дүниемнің бір бөлшегі секілденіп, әлі күнге күміс сәулесін құйып тұрғандай сезінемін. Ұлы Даламыз кейде ашық жатқан жыр кітабы сияқты болып та көрініп кетеді. Жадыңды жаңғыртып, дұрыстап жақсылап оқи алсаң, жан дүниең жадырап, бағзы бабалардың баянды үнін, тарихтың тылсым сырын, туған еліңнің мәңгілік жырын қайыра естіп, байтақ әлемге құлашыңды кең жайғандай боласың.

“

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАДІРЛІ ҚАСИЕТТЕРІ ҰШАН-ТЕҢІЗ. ОЛАР АТА-БАБА ДӘСТҮРЛЕРІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ. ҚАЗАҚ – ОЙШЫЛ ХАЛЫҚ, АҚЫН ХАЛЫҚ. ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЙНАРЫНАН СУСЫНДАҒАН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛАҒАТТЫ БЕЛЕСТЕР БҰҒАН НАҚТЫ ДӘЛЕЛ. БІЗ ТАРИХЫН ТІЛМЕН ДЕ, ДІЛМЕН ДЕ ЖАЗҒАН ХАЛЫҚПЫЗ.

”

Шіір деһасы Жамбіл dedemin ve Büyü-
ğümün kendisi ahiret yolculuğuna
çıksa da, sözleri saltanat kurarak, şanı
yüce olan zamanlarda bizim köyü-
müzde şairin olmaması kusur sayı-
lırdı. Hatta şair olmamak için şansın
yok gibiydi. “Şiirle aksakalla, genç
güzellerle yarışacak, şair halkımız
biz” diyen, şairimiz Kadir Mirzaliyev
yanılmamıştır.

Okuldayken şiire olan ilgi ve sev-
da hayatımda benim canımın bir
parçasına dönüşerek, halen gümüş
ışıklarını saçtığını hissediyorum.
Hafızanı yenileyerek doğru bir şe-
kilde güzelce okursan için rahatlar,
atalarımızın öğüt sesini, tarihin tıl-



Сол кезде даламыздың қадір-қасиетін одан сайын терең ұғынып, оны ардақты анамыздай, әзиз жүрек әкеміздей көріп, көңіл аспанымыз шайдай ашылатын. Балалық шақтың, бозбала күндердің сол бір жарқын бояулары көз алдыма әлі де жиі оралып тұрады. Ұлы Даланың ұландары ұлағатты тарихын ерлікпен жазған. Енді сол тарихты тәуелсіздік жылдарында еселі еңбекпен, халықтық қайратпен біз жазып жатырмыз. Еңбек – өмірдің ұстазы. Ерен еңбектің терең сабағын алған сайын елдің әл-ауқаты артып, қуаты күшейе береді. Ел қуаты – ертеңнің мұраты. Ұрпағы бар елдің болашағы зор. Сәби сезім арманшыл құштарлыққа негіз бола-

“

BİZİM HALKIMIZIN BİR HAYLİ SAYGIDEĞER VE GURUR VERİCİ ÖZELLİKLERİ VAR. ONLAR ATALARIMIZIN GELENEKLERİNDEN BESLENİR. KAZAKLAR DÜŞÜNÜR VE ŞAİR HALKTIR. SÖZLÜ EDEBİYATIMIZIN MUZZAM KAYNAĞINDAN BESLENEN MİLLETİMİZİN ULU TARİHİNDEKİ BÜYÜK KİLOMETRE TAŞLARI BUNUN KESİN DELİLİDİR. BİZ GEÇMİŞİMİZİ HEM DİLİMİZLE HEM KALBİMİZLE YAZMIŞ MİLLETİZ.

”

сым сұрларын, ватанын sonsuzluk şiiri- ni tekrar işitirsin ve ferah dünyaya kucağını geniş bir şekilde açmış gibi hissedersin kendini.

İşte o zaman bozkırımızın tüm özelliklerini, onur-haysiyetini derinden anlarsın, sevgili annemiz ve aziz kalpli babamız gibi yaklaşırsın ona, gönül kapıları sonuna kadar açılır. Çocukluk ve gençlik günlerimin o renkli ve parlak boyaları sık sık göz önüme geliyor. Ulu Bozkırın gençleri şanlı tarihimizi kahramanlıklarıyla yazmışlardı. Şimdi biz o tarihi bağımsızlık yıllarında muazzam çaba ve halkımızın devasa cesaretiyle devam ettiriyoruz. Emek hayat öğretmenidir. Sarf edilen emeğin derin

100kadam.kz



ды. Бала бейнесін жоғалтпаған адам адалдықтан адаспайды. Халық та сондай.

«Балалығыңмен күле отырып қоштасып, ағалығыңды амалсыз мойындайсың» деген сөз бар. Сол рас. Біз қай кезде де жеңіске ұмтылған жұртпыз. Тар жол, тайғақ кешулер, алдаспанды айқастар мен ақ беренді шайқастар халқымызды тек қана жеңуге жұмылдырды. Жеңілсек жер жастанып, құласақ құрдымға кететінімізді терең түсінгендіктен, заманалар бойы жеңіске ұмтылумен болдық. Біз – жеңімпаз жұрттың ұрпағымыз. Жеңемін деп белінді бусаң – жеңесің, жеңілемін деп қорықсаң – көзіңе қос көрінеді. Бұл да бабалардан қалған баянды сөздің бірі.

dersini öğrenme işi devam ettikçe ülkenin refahı artar ve gücü katlanır. Ülkenin gücü yarınki günün muradıdır. Nesli olan ülkenin geleceği güçlüdür. Sabi duygusu hayali arza sebep olur. Çocuk kalıbını kaybetmeyen insan da dürüstlüğü devam ettirir. Halkta aynen böyledir.

“Çocukluğunla gülerek vedalaşır, erginliği çaresiz kabul edersin” şeklinde bir söz de var. Bu çok doğru bir ifadedir. Biz her zaman başarı ve zafer için gayret eden milletiz. Nefesimizi azaltan darlıklar ve elimiz bağlamak isteyen zorluklar, kılıçlı savaşlar ve tüfekli harpler halkımızı sadece zafer için bir araya topladı. Mağlup olursak kalkmamızın ağır olacağını, düşersek kaybolacağımızı iyi kavradığımız için daima galip gelmeye çalıştık. Biz galip milletin



Біздің ұрпақ Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихқа енген қасіретті жылдардың куәгері болды. Ұлы Жеңістің шаттығын кішкентай жүректерімен қуана қабыл алғандар да солар. Қан майданнан оралып, елін аңсап келіп жатқан ерлердің алдынан жүгіріп шыққан соғыс балаларының өмірбаянында сол кездегі салтанат пен мерейдің жарқын бояуы әлі тұнып тұр. Тарих бояуын тынымсыз уақыт толассыз өшіріп жатқан мына заманда біздің мейлінше есті, мейірбан әрі ұстамды болғанымыз жөн. Салмақты сөзді саналы ер ғана айтады.

«Бұл – біздің жеңіс емес» деген алыпқа шапса сөзді малданып, бәтуасыз

strategy2050.kz



**ЕҢБЕК – ӨМІРДІҢ
ҰСТАЗЫ. ЕРЕН ЕҢБЕК-
ТІҢ ТЕРЕҢ САБАҒЫН
АЛҒАН САЙЫН ЕЛДІҢ
ӘЛ-АУҚАТЫ АРТЫП,
ҚҰАТЫ КҮШЕЙЕ
БЕРЕДІ. ЕЛ ҚҰАТЫ –
ЕРТЕҢНІҢ МҰРАТЫ.
ҰРПАҒЫ БАР ЕЛДІҢ
БОЛАШАҒЫ ЗОР.**

**ЕМЕК HAYAT
ÖĖRETMEHİDİR. SARF
EDİLEN EMEĖİN DERİN
DERSİNİ ÖĖRENME İŞİ
DEVAM ETTİKÇE ÜLKENİN
REFAHİ ARTAR VE GÜCÜ
KATLANIR. ÜLKENİN
GÜCÜ YARINKİ GÜNÜN
MURADIDİR. NESLİ OLAN
ÜLKENİN GELECEĖİ
GÜÇLÜDÜR.**



mirasıyız. Zafer için sıvanırsan yenersin, mağlup olurum diye korkarsan düşman gözünde kat kat artar. Bu da atalarımızdan kalan bilgelik sözdür.

Bizim kuşağımız Ulu Vatan savaşı (II. Dünya Savaşı) olarak tarihlere yazılan acılı yılların şahitleri oldular. Ulu Zaferin haberini ufacık kalpleri ile sevinçle karşılayanlar da onlar. Kanlı harp meydanlarından sağ kurtulup, evine ülke hasreti ile dönen gazileri koşarak karşılayan savaş çocuklarının özgeçmişlerinde o günlerdeki saltanatın ve bayramın renkli boyaları halen de rengini kaybetmemiştir. Tarihini renklerini durmadan acımasız silmeye çalışan bu zamanlarda bizim mümkün merteye akıllı, kibar ve kendimize hâkim olmamız lazım. Doğru sözü akıllı ve bilinçli er söyler.

“Bu bizim zaferimiz değil” şeklinde ki yanlış ifadeye iman edip, mesnetsiz çıkarıma aldananın kusuru çoktur. Boş sözün ağır eleştirisi atalarımızın vasiyetini gölgeler. Öyle yaparsak, biz geçmişimize ihanet ederiz. Öz yolumuzu tıkayarak, öz ellerimizi kesmiş oluruz. Biz buna müsaade edemeyiz. Biz Zaferlerimizi koruruz. Çünkü her bir Zafer daima korunmayı gerektirir.

“Düşman yolunda atarım seni, bomba ol da patla, ey kalp” diye Kazak şairlerinin biri Kasım Amanjолоv’un yazdığı gibi, bizim nesillerimizin sahip olduğu kuvvetli ruh bu dünyadan göç eden babalarımız ile önder bilgelerimizden bize gelen ulu armağandır ve yüce mirastır. Böylesine geniş toprak bize atalarımızın ruhu ile kahramanlığının sayesinde miras olarak kalmıştır. Bu yüce zaferin kesin göstergesidir ve direği devirlerin köküne kadar uzanan Kazakların bayrağıdır. O bayrak daima özgür milletimizin kalbinde ve toprağında dalgalanacaktır.

Kazak milletinin ata toprağı, bizim yüce ruhumuzdur ve paha biçilmez

байламға алданғанның айыбы зор. Жеңіл сөздің ауыр сыны ата-бабаларымыздың өнегелі өсиетін сызып тастайды. Өйтсек, біз бұрынғымызға сатқындық жасаған боламыз. Өз жолымызды өзіміз бөгеіп, өз қолымызды өзіміз кес-кендей боламыз. Біз бұған жол бере алмаймыз. Біз Жеңістерімізді қорғаймыз. Өйткені, қандай Жеңіс те әрқашан қорғауды қажет етеді.

«Жау жолына атам сені, бомба бол да жарыл, жүрек» деп қазақ жырының қайсар өкілі, ұлтымыздың ұлы ақындарының бірі Қасым Аманжолов жазғандай, біздің ұрпақтың бойындағы қайсар рух – бағзы бабалардан, абыз даналардан жеткен ұлы сый, ұлық мұра. Осынау ұлан-байтақ жеріміз бізге бабалар рухы мен ерлігінің арқасында мұра болып қалған. Бұл – ұлы жеңістің нақты нышаны, дәуірлердің діңіне тіккен өр қазақтың байрағы. Ол байрақ байтақ жұртымыздың жүрегінде желбірей бермек.

Қазақтың қасиетті жері – біздің асқақ рухымыз, баға жетпес байлығымыз, мәңгілік мұрамыз. Бағзы тарихымыздың бастауында тұрған заңғар қаған Мөденің арам пиғыл аяр жауға тұлпарын, Жаратқан қосқан жұбайын да ел тыныштығы үшін қиғанымен, кіндік қаны тамған жерін бермей, қаскөй жаумен қырғын соғысқа түсіп, жеңіске жетуі – қанымыз бен жанымыздағы халықтық қасиет, өмірлік өсиет.

Әлемде қасиет пен өсиетті қадірлейтін елдер аз ба, көп пе? Әрине, әр елдің, әр халықтың өзіндік салт-дәстүрлері бар. Соның ішінде ұлттық құндылықтар ретінде мемлекет тарапынан қолдау табатын ұстанымдар да бар. Айталық, біздің елде ұлттық ұждан аса бай ауыз әдебиетімізден, сөз мәйегі – мақал-мәтелдерімізден барынша байқалады. Тарихымызда баяндалып, шежіремізде шертіледі.

Халқымыздың қай мұрасын алсақта, одан тек үлгі мен өнеге, ақыл



**ОСЫНАУ ҒАСЫРҒА
ТЕҢ ҒАЛАМАТ ЖЫЛ-
ДАРДА ҚАЗАҚСТАН,
САН ҚИЛЫ ТАРИХИ
КЕЗЕҢДЕРДІ БАСТАН
КЕШКЕН ҚАЗАҚ ЖҰР-
ТЫ ЖИЫРМАСЫНШЫ
ҒАСЫРДЫ ОЙДАҒЫ-
ДАЙ АЯҚТАП, ЖАҢА
ЖИЫРМА БІРІНШІ
ҒАСЫРДЫҢ ЕСІГІН
БЕЙІТ ЕҢБЕКПЕН
АШТЫ. ОТАРЛЫҚ
ЕЗГІДЕН ОҢТАЙЫН ТА-
УЫП ҚҰТЫЛҒАН, КӨН
ҚҰРСАУЛЫ КЕҢЕСТІК
ТӘРТІПТІҢ ҚАМА-
ЛЫН ҚАҚЫРАТЫП,
ӨЗ АЛДЫНА КЕРЕГЕСІ
БЕРІК, ШАҢЫРАҒЫ
БИІК МЕМЛЕКЕТІН
ҚҰРҒАН МЫНА ЗА-
МАН – БІЗДІҢ ЗАМАН.
БІЗДІҢ УАҚЫТ. БІЗ БҰЛ
УАҚЫТҚА ӨЗ ҚОЛТАҢ-
БАМЫЗДЫ ҚАЛДЫРА-
ТЫН БОЛАМЫЗ.**

**БӨYLESİNE BİR
ASRA DENK BENZERİ
GÖRÜLMEYİŞ ZAMAN
KESİMİNDE KAZAKİSTAN,
ÇEŞİTLİ BADİRELER
ATLATAN KAZAK
TOPLUMU YİRMİNCİ
YÜZYILI İSTEDİĞİ GİBİ
TAMAMLAYARAK,
YENİ ASRIN KAPISIN
BARIŞÇIL EMEKLE
AÇMIŞTIR. SÖMÜRGEÇİ
BASKIDAN YOLUNU
BULUP KURTULAN, HER
TARAF TAN KUŞATAN
SOVYET İDEOLOJİSİNİN
KALESİNİ YIKARAK,
KENDİ BAŞINA ÇATISI
YÜKSEK VE DİREĞİ
SAĞLAM DEVLET KURAN
BU ZAMAN BİZİM
ZAMANIMIZDIR. DEVİR
BİZİM DEVRİMİZDİR.
BİZ BU ZAMANA
KENDİ MÜHRÜMÜZÜ
VURACAĞIZ.**



дегеримізді, daimî mirasımızdır. Eski tarihimizin başlangıcında yerini alan ulu kağan Mete'nin art niyetli sinsî düşmana atını ve Yaradan'ın emri ile aldığı hanımını halkın huzuru ve istikrarı için verse de, göbek bağı kesilen ata toprağından karış bile vermeyip, alçak düşmanla acımasızlıkla savaşып, zafere ulaşması kanımız ile canımızla kazılan yüce milletimizden gelen haysiyet ve ömürlük vasiyettir. Dünyada vasiyet ile haysiyeti her şeyden üstün tutan ülkeler az mı, çok mu? Tabi ki, her ülkenin, her milletin kendine has geleneğı var. Onların içinde milli değerler olarak devlet tarafından desteklenen prensipler de mevcuttur. Örneğін, bizim ülkede milli namus meselesi çok zengin olan sözlü edebiyatımızdan ve söz atası olan ata sözlerden oldukça net ve açık görülmektedir. Tarihimize yazılarak, şece-remizde konu edilmiştir.

Halkımızın hangi mirasını ele alırsakta, onlarda sadece örnek ve öğreti, akıl ve bilgelik, ahlak ve iman, dostluk ve kardeşlik mutlaka yerini bulmuştur ve açık görünür haldedir. Aslında, biz şairliğı ile kahramanlığı örtüşen ve temeli bunların bütünüyle atılan milletiz. Bu konuda sözlü edebiyatımızın ulu çınarları bize yalan söyletmez.

Dünyayı gören siyasetçiler bile Asya'nın geniş toprağındaki çeşitli ülkeler ve türlü toplumları inceleyerek, Kazakların misafirperverliğı ile cömertliğini, insani fitratı ile namus-şerefіnin yüceliğini hayranlıkla dile getirip, yazmışlardır. Saflıғыnı kendisi bile dürüstlüğünün aynası olan milletimizin örnek özelliklerini ve gelenek-göreneklerimizі küreselleşme akınında yutulan bu zaman kesiminde bile unutmadan yaşatmaktayыз. Bu şekilde devam da eder. Çünkü milli gelenek bizim temelimizden beslenir.

Bizler ve her bir vatandaşımız: "Benim vatanım Kazakhstan" ifadesini gururla söylemeliyiz. "Ey Kazak evladı, sen



www.mzs.gov.kz

мен парасат, адамгершілік пен иман, достық пен бауырмалдық айқын көрініп, анық танылады. Абзалы, біз – ақындығы мен батырлығы қатар түсіп, өзегі бірге өріліп жататын жұртпыз. Ауыз әдебиетінің ұлы жауһарлары бұл сөзімізге куәлік ете алады.

Әлемді кезген саяхатшылардың өзі Азияның ең даласындағы сан қилы елдер мен алуан түрлі жұрттарды саралай қарап, қазақтың қонақжайлығы мен дарқандығын, адами болмысы мен ар-намыс биіктігін сүйсіне айтып-жазып кеткен. Аңқаулығының өзі адалдығының айнасындай ұлтымыздың ұлағатты қасиеттерін жаһандануға жұтылып жатқан қазіргі кездің өзінде бұрынғы ұлттық салт-дәстүрімізді әлі де төрге шығарып, төбеге көтеріп келеміз. Солай бола береді. Өйткені, халықтық дәстүр – тегімізде.

Біз, әрбір отандасымыз: «Менің елім – Қазақстан» деген сөзді мақтанышпен айтуымыз керек. «Қазақ баласы, сен дүниеге

“

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРІ – БІЗДІҢ АСҚАҚ РУХЫМЫЗ, БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ, МӘҢГІЛІК МҰРАМЫЗ.

KAZAK MİLLETİNİN ATA TOPRAĞI, BİZİM YÜCE RUHUMUZDUR VE PAHA BİÇİLMEZ DEĞERİMİZDİR, DAİMİ MİRASIMIZDIR.

”

dünyaya bu yüce milletin ferdi olarak geldiğini için onurlan” sözü milletimizi her bir gencinin kalbini mutluluğa doldurmalıdır. Dünya bizi ancak bu durumda egemen ülke olarak kabul eder ve başkalarının kendimize saygı göstermesini sağlayabiliriz, ayrıca uzak-yakınla ilişkii arttırıp, bir yuvanın üyeleri gibi kardeş olabiliriz. Evet, toplumun gönlü yerini bularak, yarını düşünecek zaman geldi. Milli hayalimizi yücelterek biz ortak zafere ulaşabiliriz. Biz yoktan var eden, imandan ahlak edinen neslin fertleriyiz. “Bin ölüp, bin kere dirilerek”, sonunda güçlü ruh ve hayata tutunma arzı ile bağımsızlığa kavuştuk. Özgürüz! Egemen halk olup, Avrasya’nın büyük parçasında yaşamaktayız. Bizim gibi olmak isteyen, bizden örnek alan ülkeler de az değil. İşte buna şükretmek mümkün mü?!

Bu mutluluğu bizim atalarımız nasıl istediler? Onun tarihini biliyoruz. Bu zamanı bizden önceki nesil nasıl istedi? O durumu da biliyoruz. Bu gün

осы ұлттың өкілі болып туғаныңа мақтан» деген сөз ұлтымыздың әр ұланының жүрегін қуанышқа бөлеуге тиіс. Біз сонда ғана егемен ел болып әлемге таныламыз, өзімізді өзгеге сыйлата аламыз, алыс-жақынмен араласып, бір үйдің баласындай бауырласып кетеміз. Міне, жұртымыздың көңілі жайланатын, ертеңін ойланатын кезі келді. Ұлттық арманды ұлықтау арқылы біз ортақ жеңіске жететін боламыз.

Біз – жоқтан бар, иманнан ар жасаған ұрпақтың өкіліміз. «Мың өліп, мың тіріле жүріп», қайсар рух, өмірге деген құштарлықтың арқасында, ақыры тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Бостанбыз! Азат халық болып, Еуразияның алып аймағын жайлап жатырмыз. Бізге де қызыға қарайтын, бізден де үлгі-өнеге алатын елдер аз емес. Осыған тәубе демеске бола ма?!

Бұл бақытты біздің бабаларымыз қалай аңсады? Оның тарихын білеміз. Бұл кезді кешегі аға ұрпақ қалай аңсады? Оның жағдайын білеміз. Бұл күнді кешегі қарлы желтоқсанда алаңға шығып, атойлап теңдік сұраған кейінгі батыр ұрпақ, жас ұрпақ қалай аңсады? Оны да жақсы білеміз. Біз Желтоқсанның жаралы жаңғырығын ұмытқан жоқпыз. Ешқашан ұмытпақ емеспіз. Ерекше тарихты екшеп қарау арқылы, есте сақтау арқылы халық әрқашан өсіп, есейіп отырады.

Осынау ғасырға тең ғаламат жылдарда Қазақстан, сан қилы тарихи кезеңдерді бастан кешкен қазақ жұрты жиырмасыншы ғасырды ойдағыдай аяқтап, жаңа жиырма бірінші ғасырдың есігін бейбіт еңбекпен ашты. Отарлық езгіден оңтайын тауып құтылған, көн құрсаулы кеңестік тәртіптің қамалын қақыратып, өз алдына керегесі берік, шаңырағы биік мемлекетін құрған мына заман – біздің заман. Біздің уақыт. Біз бұл уақытқа өз қолтаңбамызды қалдыратын боламыз.



**ТӘУЕЛСІЗДІКТІ КҮН
САЙЫН ҚОРҒАУ КЕРЕК,
НЫҒАЙТУ КЕРЕК, ӨР-
КЕНДЕТУ КЕРЕК! ТҰҒЫ-
РЫМЫЗ ДА, ҒҰМЫРЫ-
МЫЗ ДА ТӘУЕЛСІЗДІК!
ТӘУЕЛСІЗДІК – МЕНІҢ
ҚАЗАҚСТАНЫМ,
СІЗДІҢ ҚАЗАҚСТА-
НЫҢЫЗ, БӘРІМІЗДІҢ
ҚАЗАҚСТАНЫМЫЗ!
БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАНЫ-
МЫЗ – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ,
МӘҢГІЛІК ЕЛ.**

**“BENİM
KAZAKİSTAN’IMIN”
BİZİM BAĞIMSIZLIĞIMIZ
OLMASIDIR!
BAĞIMSIZLIĞI HER
GÜN KORUMAK,
GENİŞLETMEK,
GELİŞTİRMEK LAZIM!
KAİDEMİZ DE, HAYATIMIZ
DA BAĞIMSIZLIKTIR!
BAĞIMSIZLIK BENİM
KAZAKİSTAN’IM, SİZİN
KAZAKİSTAN’INIZ,
HEPİMİZİN
KAZAKİSTAN’IDIR! BİZİM
KAZAKİSTAN’IMIZ ULU
BOZKIR ÜLKESİDİR,
MANGİLİK (DAİMİ)
ÜLKEDİR.**



dün buzlu Aralık ayında meydana çıkarak, бағымсыздық sloganлары ile canı gönülden ештілік isteyen kahraman kuşak ve genç nesil nasıl istedi? Hiç-bir zaman unutmayız. Tarihini özel sayfalarını halk her zaman süзgeçтен geçіріp bulur ve hafızasına silinmez harflerle yazarak büyүр, olgunlaşır.

Böylesine bir asra denk benzeri görүlmemiş zaman kesiminde Kazakistan, çeşitli badireler atlatan Kazak toplumu yirminci yüzyılı istediği gibi tamamlayarak, yeni asrın kapısını barışçıl emekle açmıştır. Sömürgeci baskıdan yolunu bulup kurtulan, her taraftan kuşatan Sovyet ideolojisinin kalesini yıkarak, kendi başına çatısı yüksek ve direği sağlam devlet kuran bu zaman bizim zamanımızdır. Devir bizim devrimizdir. Biz bu zamana kendi mührümüzü vuracağız.

Yeni devir bizim bilinçlenmemizi sağlayarak yolumuzu uzattı. Dilimize denklik, fikrimize genişlik verdi. Uzağı yakın ederek, milletler ile uluslar göçünü ölkemize yönelterek, 1992 yılı Birleşmiş Milletler Teşkilatının kürsüsünden yeni devlet olarak söz aldık, aynı kurumun 2015 yılındaki 70. yıldönümü vesilesiyle düzenlenen toplantıda örtüsü açılan öz ana dilimizde, Kazakça sunum yaparak, Kazak ülkesinin itibarı ve şanını yeni bir biçimde yücelttik. Bunu biz eskiden hayal bile edemezdik.

Baykonur Uzay Üssünden uzaya açılan geminin komutasını elinde bulunduran Kazak evladı ülkesinin bayrağını kaldırıp dünyanın yörüngesinden çıkarak uzaydan Kazakistan’ı ve bütün dünyayı selamladı. Bizim ölkemizin gelişmesini böyle bir renkli olaylarla karşılaşıyorum. Asır ile uzayı birlikte geliştirdik.

Şiir dehası Jambıl’ın “Benim pirim Suyınbay” sözünü her Kazak evladı iyi bilir. Doğduğum ölkeme “Vatanım direğimdir” diye yüksek sesle söyleyebilirim.

Жаңа заман біздің өрісімізді кеңейтіп, жолымызды ұзартты. Тілімізге теңдік, ойымызға кеңдік берді. Алысты жақындатып, ұлттар мен ұлыстардың көшін іргемізге бұрып, 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының мерейлі басқосуында жаңа мемлекет ретінде мәртебелі мінберден сөз ұзатсақ, БҰҰ-ның 2015 жылғы 70 жылдық торқалы тойында томағасы алынған туған тілімізде – қазақ тілінде баяндама жасап, Қазақ елінің атағы мен абыройын жаңаша асқақтаттық. Бұл бұрын түсімізге де кірмейтін жағдай еді ғой.

Байқоңыр баспалдақтарымен биікке, ғарышқа самғаған зымырандардың тізгінінде отырған қазақ баласы қазір туған елінің туын көтеріп, Жер-Ананың орбитасынан шығып, Ғарыштан Қазақстанға, бүкіл әлемге көз салды. Біздің елдің дамуын осынау бейнелі теңеуге байлаймын. Ғасыр мен ғарышты қатар игеріп келеміз.

Жыр алыбы Жамбылдың «Менің пірім – Сүйінбай» деген қанатты жырын қазақ баласы жақсы біледі. Туған халқымның алдында «Туған елім – тірегім» деп бар дауыспен айта аламын.

Тәуелсіздік таңында аздаған тығырыққа тіреліп абыржысақ та, алдағы күнді ойлағанда, белімізді бекем буып, тәуекел кемесінің желкенін уақыт желіне тосқан күйі алыс жағалауға аттандық. Қашанда жол бастау қиын, бірақ алдыңда ақылшы халқың тұрғанда, оны да игересің. Қашанда қол бастау қиын, бірақ жаныңда жаужүрек жұртың тұрса, оны да үйренесің. Қашанда сөз бастау қиын, бірақ жадында бабаның сөзі тұрғанда, оның да жүйесін табасың.

Осындай сәтті сапарда төрткіл дүниенің төрт құбыласынан тұрақты дос, сапарлас серіктес, қақысы бұзылмас көрші тапқан Қазақстан жаңа мыңжылдықтың ұлы көшінде керуен тартып келеді. Сенім деген – серпінді күш. Ол күшті қайсар



**ӨЗ ОТАНЫҢ – БҰЛ
ДҮНИЕДЕГІ ЖӨННА-
ТЫҢ МЕН ШУАҒЫҢ.
СОНДЫҚТАН МЕН
ЖАСТАРҒА БІЛІМІҢ
МЕН ҚАЙРАТ-ЖІ-
ГЕРІҢДІ ӨЗ ЕЛІҢНІҢ
МҮДДЕСІНЕ ЖҰМСА
ДЕП АЙТАР ЕДІМ.
ТУҒАН ЕЛІҢ ДӘУЛЕТТІ,
ТУҒАН ЖЕРІҢ СӘУ-
ЛЕТТІ БОЛСА, СЕН ДЕ
ӘУЛЕТТІ, ӘЛЕУЕТТІ
БОЛАСЫҢ.**

**АТАУРТ КЕЛІМЕСІНДЕ
KUTSALLIK VARDIR.
DOLAYISIYLA, BEN
GENÇLERE BİLİMİ İLE
GÜÇLERİNİ KENDİ
VATANININ ÇIKARI İÇİN
SARF ETMESİNİ TAVSİYE
EDERDİM. DOĞDUĞUN
YER VARLIKLİ VE YAPILI
OLURSA, SEN DE GÜÇLÜ
OLURSUN.**



Бағыmsızlıғын ilk заманларында hafif engellere takılarak emeklersek te, sonraki günleri düşünüp, belimizi sıkı bağlayıp ve kolları sıvayarak, tevekkül gemisinin yelkenini zaman rüzgârına tuttuğumuz gibi uzak sahile yöneldik. Her zaman yol almak zordur, ancak önünde danışman halkın varken onu da başarısın. Her zaman komutan olmak zor, ancak yanında kahraman halkın varsa onu da öğrenirsin. Her zaman söze başlamak zordur, ancak hafızanda ataların sözü varsa onun da yolunu bulursun.

Böylesi bir yolculukta dünyanın dört köşesinden kaymaz dost ile seyahat ortağı ve sorumluluğu sabit komşu bulan Kazakistan yeni 1000 yıllık göçte yoluna devam ediyor. Güven kuvvetli bir destektir. O desteği de cesaretle saf ve halis halktan alıyoruz. Halkın haysiyeti ile vasiyetini kılavuz edinerek, gelecek günlere has niyet ve açık yüzümüzle bakmaktayız.

